КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2023 жылғы 16 тамыз дело №7119-23-00-2/8567 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К.Жетібаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі» мемлекеттік мекемесі,

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «ДЮСЕНЕВА АДИНА» атауымен әрекет етуші Дюсенева Адина Армановна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «ДЮСЕНЕВА АДИНА» атауымен әрекет етуші Дюсенева Адина Армановнаны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ДЮСЕНЕВА АДИНА» атауымен әрекет етуші Дюсенева Адина Армановна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «ДЮСЕНЕВА АДИНА» атауымен әрекет етуші Дюсенева Адина Армановнадан мемлекет пайдасына 142 350 (бір жүз қырық екі мың

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

үш жүз елу) теңге тұрақсыздық айыбы және 4 241 (төрт мың екі жүз жетпіс бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ДЮСЕНЕВА АДИНА» атауымен әрекет етуші Дюсенева Адина Армановнадан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья Ж.К.Жетібаев

Құжатқа қол қойылған: Жетибаев Ж. К., 16.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 26.09.2023, судья Жетибаев Ж. К., 29.09.2023

7119-23-3-1/8537